Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

# Ақтөбе университеті

1996 жылдың 12 наурызынан бастап шығып келеді

№ 20 (396)
30 желтоқсан 2016 ж

"Ақтөбе Университеті" Газеті | АРГУ им. К.Жубанова | @ argugazeti@mail.ru




## МЕРЕКЕЛЕРІҢІЗБЕН!



Құрметті университет ұжымы! Аса қадірменді профессор-оқытушылар! Сіздерді алда келе жатқан жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Тағы да бір жыл тарих қойнауына еңгелі тұр. 2016 жыл біздің университет тарихында 50 жылдық мерейтойымызды атап еткен айтулы күнмен есте қалса, ел тарихында Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығы аталып еткен жыл болып жазылары сезсіз.

Ескі жылға есеп берер болсақ, оқу ордамыз үшін жемісті жыл болды. Жылбасы жыл сайын дәстүрлі түрде республикалық қоғамдық-саяси «Президент және халық» газетімен «Уақыт таңдауы» агенттігі бірлесе жүргізетін үздіктерді анықтау жобасында университетіміздің «Жылдың үздік жоғарғы оқу орны» атанған жақсы жаңалығымен бастау алды. Университет қабырғасында атқарылып жатқан шетелдік және отандық ЖОО-мен әріптестік байланыстар, академиялық ұтқырлық, бірлесе атқаратын маңызды ғылыми жобалар және ең бастысы E-Learning оқытудың электронды технологиясын енгізу сияқты аса маңызды шаралар жүзеге асуда.

Университет білім ордасы болумен қатар үлкен мәдениет ошағы екендігі сіздерге белгілі. Біз әрдайым жастардың білім алуы, қоғамдық жұмыстарға, мәдени шараларға араласуларына қамқорлық жасап келеміз. Бәсекеге қабілетті алдыңғы қатарлы 50 елдің сапында болуды кездеп үлкен еркениеттілікке бет алған тәуелсіз Қазақстанның батыл қадамына еліміздің ертеңі – жастарды тәрбиелеп отырған біз де өз үлесімізді қосуымыз тиіс. Алдағы уақытта білім беру сапасын үздіксіз арттырып отыру, оны қазіргі заманауи талаптарға сай оқытудың инновациялық технологиялары негізінде жүргізу университет ұжымының алға қойып отырған басым бағыттардың бірі болып қала бермек.

Қазіргі уақытта езім басқарып отырған ұжым білім беру қызметі сапасын кетеру бағытында аянбай еңбек етуде. Бұл - біздің білім шаңырағымыздың ең басты міндеті. Университетіміздің жетістіктерге жетіп жүрген әрбір студентіне ерекше ілтипатпен, үлкен үмітпен, ұстаздық ризалық көңілмен қараймыз. Олардың әр оң қадамына қол соға қуанамыз, қандай да жетістіктерін мақтан тұтамыз, барлық ниетімізбен оларға бағыт-бағдар беріп, сәт сапар тілейміз.

Білім алушы жастар біздің университет қабырғасынан тек жоғары білікті маман ретінде қалыптасып қана шықпай, сонымен бірге Қазақстан Республикасының гүлденуі мен іргесінің бекуіне, еркендеуіне лайықты үлес қосатын ұлы тұлғалар қатарынан болашақта орын алатын нағыз азамат болатынына сенім білдіремін.

Еліміздің болашағы – жастар аман болсын! Отбасыларыңызға бақыт, жақсылық тілеймін! Жаңа жыл құтты болсын!

**Кенжеғали КЕНЖЕБАЕВ,**
**университет ректоры**

## БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:




Жыл қорытындысы 3 БЕТ



Тәуелсіздік және тіл 4БЕТ



Жұбанов туралы жаңа әдебиет 5 БЕТ



Тәуелсіздік дәріптелген күн 6 БЕТ




2017 жыл қандай болмақ? 6 БЕТ



Жаңа жылға тілек 8 БЕТ



# НЕМЕЦКИЕ ОБЫЧАИ В КАЗАХСТАНЕ И ГЕРМАНИИ

С 27 ноября по 4 декабря 2016 года в городе Алматы проводилась зимняя школа «Немецкие обычаи в Казахстане и Германии», организованная Германской Службой Академических Обменов (DAAD). Для участия необходимо было подать заявку, заполнить резюме, написать эссе на тему «Многонациональная страна: вызовы и перспективы» и приложить актуальный сертификат OnDaF об уровне знания немецкого языка, который студенты получили во время сдачи онлайн теста в октябре этого года. Пройдя конкурсный отбор, нам посчастливилось принять участие в данном мероприятии.

Зимняя школа DAAD – это недельная учебная языковая программа для студентов, которая позволяет погрузиться в благоприятную атмосферу для изучения немецкого языка. Она включает в себя интенсивные курсы немецкого языка и семинары на тему «Стереотипы и предубеждения».

Занятия и семинары проводили лекторы DAAD из Германии – Элли Мак, Штефан Кель, Бартоломеус Миньковски и Флориан Так на немецком языке. Основное внимание уделялось развитию навыков разговорной речи. Также были запланированы культурно-досуговые мероприятия, такие как посещение Немецкого Дома, встречи с немецкой диаспорой и представителем Консульства Германии Вероникой Гончаровой. 1 декабря была организована поездка на Медео, а вечером – просмотр фильма «Алмания» на немецком языке. Программа была очень интересной и насыщенной. Мы получили много новой информации об особенностях немецкой культуры, о традициях, обычаях и праздниках. Все занятия проходили очень активно и увлекательно. В основном задания выполнялись в парах или в группах, таким образом, чтобы в процессе был задействован каждый студент. Задания были самыми разнообразными и заставляли мыслить творчески: сделать презентацию, снять клип, написать стихотворение, разыграть сценку и т д. В конце недели были проведены викторины для подведения итогов.

Участие в зимней школе – это прекрасная возможность для изучения немецкого языка и культуры Германии. Приняв участие в ней, мы получили множество положительных и ярких эмоций, огромный опыт, развили разговорную речь и, что не менее важно, еще большую мотивацию для дальнейшего изучения немецкого языка.

**Послушная Елена, Бакытжан Салтанат,**
**студентки 3 курса специальности**
**«Иностранная филология»**

# ЕЛ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ 25 ЖЫЛДЫҒЫНА МАРАПАТ

Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығы бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградтау туралы қаулысында университетіміздің ректоры және бірқатар оқытушылары марапатталды.

Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдық мерейтойына орай Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жарлығымен Қ.Жұбанов атындағы Ақтебе өңірлік мемлекеттік университетінің ректоры Кенжеғали Кенжебаев Кенжебайұлы ғылым, білім және мәдениетімізде, сонымен бірге ұлттық тілімізді ұлағаттауда, жастардың бойына патриоттық тәрбиені нығайтуда керсеткен ерен еңбегі үшін «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл» мерекелік медалімен марапатталды.

Мемлекеттік және қоғамдық қызметте сіңірген еңбегі, елдің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға қосқан елеулі үлесі үшін Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Шүңкеев Қуанышбек Шүңкейұлы марапатталды.

## «ЖЕЛТОҚСАНДЫҚТАР» МАРАПАТТАЛДЫ

Ақтебе қаласының әкімі ілияс Испанов 1986 жылы Желтоқсан оқиғасына қатысқан бір топ Ақтөбелікке «Желтоқсанның 30 жылдығы» естелік медальдарын тапсырды. Олардың ішінде университетіміздің доценті Н. Сауханов және тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Б.Әбеновалар бар.

## ТОҒЫЗ КУӘГЕРГЕ ТӨСБЕЛГІ БЕРІЛДІ

*Желтоқсан оқиғасына - 30 жыл*

Облыс әкімдігінде ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына және Желтоқсан оқиғасының 30 жылдығына арналған кеш ұйымдастырылды.

Облыс әкімінің орынбасары Асқар Шерияздановшараға қатысушыларды келе жатқан Тәуелсіздік мерекесімен құттықтап, 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы туралы тарихи деректерді еске түсіріп, марапаттау рәсіміне көшті. Бұл күні Желтоқсан оқиғасының тоғыз куәгеріне «Желтоқсанның 30 жылдығы» естелік төсбелгісі және бір шоқ гүл табысталды. Олар отыз жыл бұрын күш-қайраты тасыған, өршіл өрімдей жастар болса, қазір әр салада білікті маман болып, еліне қызмет етіп жүрген патриоттар. Атап айтсақ, марапатқа ие болғандардың қатарында әріптестеріміз — облыстық «Ақтөбе» газетінің фототілшісі Хайреден Раушанов, «Үш таған» журналының редакторы Бақыт Жаншаева, сонымен қатар Қ.Жұбанов атындағы өңірлік мемлекеттік университетінің профессоры Бауыржан Жүнісов, осы оқу орнының филология факультетінің деканы, доцент Сабыржан Мұхтаров, филология факультетінің оқытушысы, доцент Бағила Мұратбек, Қазақ-орыс халықаралық университетінің оқытушысы, тарих ғылымдарының кандидаты Дәулет Әбенов бар. Сондай-ақ, Ақтөбе қаласының №31 орта мектептің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Дариға Есқалиева, Ақтөбе облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары Әлібек Қадырбеков, «АқпанОйылСервис» ЖШС-ның жұмысшысы Қайрат Мұқанбетжан да естелік төсбелгіге ие болды.

Мерекелік кеште облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Кеңес Бірманов, «Әлия-Мәншүк» қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Ғалымжан Байдербес, облыстық мүгедектер қоғамының төрағасы Құбайдолла Бітіков және «Невада-Семей» антиядролық қозғалысы Батыс аймақтық филиалының төрағасы Ізімғали Көбенов тарихтың жұмбақ беттері енді ашылып жатқанын, Желтоқсан оқиғасына қатысушылардың қоғамдағы орнын айтып, егемен еліміздің ендігі ұрпағын тәрбиелеуде Желтоқсан куәгерлерінің әңгімелерінің маңыздылығын әңгімелеп, келе жатқан Тәуелсіздік күнімен баршаны құттықтады.

Одан соң марапатқа ие болғандардың арасынан Бауыржан Жүнісов досымен бірге 17 желтоқсан күні алаңға шыққанын, оралдық Дариға Есқалиева Алматыдағы армандап түскен жоғары оқу орнынан шығарылып, қамауда болғанын, кейін елге қайтып, қазір Ақтөбенің келіні екенін әңгімелеп берді. Ал Сабыржан Мұхтаров Желтоқсан оқиғасына қатысушы, нағыз қаһармандардың әлі де ескерілмей жатқандары барын тілге тиек етті.

**Айнұр ІЛИЯСҚЫЗЫ,**
**«Ақтөбе» газеті, № 230. 10 желтоқсан**

# ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

**«Физика» кафедрасының оқытушысы Аймаганбетова Зухра Кураниевнаны «6D071000 – Материалтану және жаңа материалдар технологиясы» мамандығы бойынша Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің диссертациялық Кеңесінде философия докторы (PhD) дәрежесін алуға диссертациясын сәтті қорғауымен құттықтаймыз.**

Ғылыми жетекшілері: Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ-нің профессоры, ф.м.-ғ.д. Шүңкеев Қ.Ш., Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Қатты дене физикасы және бейсызық физика» кафедрасының доценті, ф.-м.ғ.к. Максимова С.Я., Гданьск университетінің (Польша) профессоры Marek Grinberg.

**Кафедра ұжымы**

## ҚҰРМЕТТІ МЕРГЕНБАИ СЕИПЛМАЛИКҰЛЫ



Сізді 50 жасқа толған мерейлі мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз.

Қазіргі таңда 50 жылдық тарихы бар қара шаңырақ – Қ.Жұбанов атындағы Ақтебе өңірлік мемлекеттік университетінде аянбай еңбек етіп келесіз. Осы таңда адам өмір жолының асқар биігі – елудің шыңына шығып отырған сізді, көпшілік еліміздің қайраткері, ғұмырын ғылым жолында Қазақстан болашағына арнаған зиялы азамат ретінде таниды. Өзіңіз еңбегіңізді арнаған саланы дамытуға сіңірген белсенді қызметіңіз, тың ғылыми-техникалық жаңалықтарды енгізуде озық ойлайтын кемел қабілетіңіз тәнті етпей қоймайды, жастарға ұлағатты ұстаз, өнегесіз.

Бүгінгідей мерекелі мерейтой күні Сізге зор денсаулық, қажымас қайрат, отбасыңызға баянды бақыт тілейміз. Мерейіңіз әрқашанда үстем болсын демекпіз.

## ҚҰРМЕТТІ ҚОБЛАНОВ ҚОНЫСБЕК РАЙСҰЛЫ



Сізді бүгінгі есте қаларлық ереулі мерекеңізбен – ете әдемі әрі мәнді 55 жасқа толуыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Сізді өмірден тоқығаны мол, кемел ойлы тұлға ретінде жақсы білеміз.Сіздің алдыңыз кең, жаныңыз жомарт, қамқор да талапшыл басшы, аяулы аға ретіндегі абзал қасиеттеріңіз тәнті етпей қоймайды, ұлағатты ұстаз, өнегесіз. Осындай еңбек пен тұрмыс тәрбиесі, жеке басыңыздың кіршіксіздігі өзіңіз, отбасыңыз үшін ғана емес, өзіңізбен қанаттас жүрген әріптестеріңіз, тілектес дос-жаран үшін де зор мақтаныш, абырой, жас ұрпақ үшін нағыз өмір мектебі екендігі даусыз.

**Құрметпен: Бейнелеу өнері және**
**кәсіптік білім кафедрасының ұжымы**

# ӘДІСТЕМЕЛІК АПТАЛЫҚ



Университетімізде дене тәрбиесі кафедрасының ұйымдастыруымен 9-21 желтоқсан аралығында «Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ студенттерінің қимыл қозғалыс белсенділігін арттыру мәселелерін шешуші факторлары мен жолдары» атты әдістемелік апталық өтті. Практикалық бөлім бойынша №2 спорт кешенінде аға оқытушы Қ.Қ.Куншашев, оқытушылар А.М.Куншашов, Г.Ж. Курпишевалардың қатысуымен «Волейбол ойынындағы шабуыл соққылары мен тосқауыл қою техникаларын жетілдіру» тақырыбында практикалық шеберлік сабағын өткізді. Шеберлік сабағына педагогика институтының студенттері белсене атсалысты.

Апталық аясында теориялық семинар өтті. Семинарға университетіміздің әдістемелік бөлімінің әдіскері Римма Ибраемова, заңгерлік қызмет бастығы Мудр Қонысұлы және дене тәрбиесі кафедрасының профессор-оқытушылар құрамы мен студенттері қатысты. Семинарды дене тәрбиесі кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты С.М.Мухтаров сөз сөйлеп ашып, семинар жұмысына сәттілік тіледі.



Жиын барысында оқытушы, магистр А.Т.Тажигалиев «Жоғары оқу орнындағы студенттердің сабақтан тыс уақытта спортпен шұғылдану деңгейі» тақырыбындағы баяндамасын жасаса, оқытушы, магистр Ғ.Қ.Ержанов ғылыми зерттеуінде жүзудің адам денсаулығына пайдасы, денсаулығы нашар студенттердің жүзу жаттығулары арқылы денсаулығын жақсартуға болатындығын тілге тиек етті. Оқытушылармен қоса студенттерде баяндамаларын көпшілік назарына ұсынды. З.Бектурганова өз зерттеуінде «Студенттер бос уақытында немен шұғылданады?» деген сауалнамаға жауап іздеп көрсе, С.Жамиғұлла «Инновациялық технология» тақырыбына тоқталды. Н.Өтесинова баяндамасында дене шынықтыру сабағында инновациялық технологияларды қолдану ерекшеліктерін сөз етті. Сондай-ақ, А.Жақыпов «Салауатты өмір салты», Н.Бигелді «Волейбол ойынында инновациялық технологияларды қолдану», Д.Шаукетова «Сабақтан тыс уақытта, яғни бос уақытта спортпен шұғылдану» тақырыбындағы ғылыми еңбектерін талқыға салып өтті.

Семинар соңында әдіскер Римма Ибраемова мен заңгерлік қызмет бастығы Мудр Қонысұлы, «Дене мәдениетінің теориялық негіздері» кафедрасының аға оқытушысы,магистр Б.Қ.Мамытов өз пікірлерін білдірді.

Шаралар жоғары деңгейде ұйымдастырылып, апталық оң нәтижесін берді.

**Гульнара КУРПИШЕВА,**
**дене тәрбиесі кафедрасының әдіскерІ,**
**Айбек ТАЖИГАЛИЕВ,**
**оқытушы, магистр**

# ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

**Қаңтар, 2016 жыл**

**ӨҢІРЛІК «ЖАСТАР ФОРУМЫ»**

27 қаңтар күні 2016 жылы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінде Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 25 жылдығы аясында өңірлік «Жастар форумы» өткізілді. Форумға Ақтөбе облысының әкімі Бердібек Сапарбаев, Қазақстан Республикасының хатшысы Абдыкаликова Гульшара Наушақызы қатысты.




**Ақпан, 2016 жыл**

**МӘРТЕБЕЛІ ТҰҒЫР**

Ақпан айының сегізінші жұлдызында Студенттер сарайында салтанатты кеш өтті.

Жыл сайын дәстүрлі түрде республикалық қоғамдық-саяси «Президент және халық» газетімен «Уақыт таңдауы» агенттігі бірлесе жүргізетін үздіктерді анықтау жобасында университетіміз «Жылдың үздік жоғары оқу орны» атанды.

**Наурыз,2016 жыл**

**ХАЛЫҚТАР ДОСТЫҒЫНЫҢ ЖАРҚЫН КӨРІНІСІ**

2016 жылғы 1-5 наурыз аралығында Батыс Қазақстандағы іргелі оқу орны Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің Конфуций институты мен Қазақ әдебиеті кафедрасының ұйымдастыруымен «Шығыс әдебиетінің жауһарлары» әдеби-танымдық апталығы өткізілді.

**ОЛИМПИАДА ЖЕҢІМПАЗЫ**

2016 жылдың 25 наурызында Алматы қаласындағы Нархоз университетінде еліміздің 9 облысының жоғары оқу орнынан 12 команда қатысқан "қаржы" мамандығы бойынша VIII республикалық пәндік олимпиаданың ІІ туры өтті. Олимпиада қорытындысы бойынша студенттер 3-орын, сонымен қатар "Шығармашылық ықпал" номинациясымен марапатталды.

**Сәуір, 2016 жыл**

**СТУДЕНТТІК ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ**

Педагогика институты базасында «Білім беру педагогикасы және психологиясы» кафедрасы ғылым апталығы аясында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына және университеттің 50 жылдығына орай «Жастар, ғылым және инновация» атты Халықаралық студенттік ғылыми-практикалық конференция ұйымдастырды.

**ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫНАН ЖҮЛДЕМЕН ОРАЛДЫ**

2016 жылдың 7-8 сәуір күндері академик Е.А.Бекетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті базасында тарих мамандығы бойынша VIII республикалық пәндік олимпиада өткізілді. Пәндік олимпиада қорытындысы бойынша біздің университетіміздің «Аманат» тобы студенттері командалық деңгейде жүлделі ІІІ орынға ие болды.

**VIII РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПӘНДІК ОЛИМПИАДА**

2016 жылдың 14-15 сәуірінде Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті «Филология: қазақ филологиясы» мамандықтары арасында «қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен республикалық олимпиада VIII рет ұйымдастырылды. Біздің университет мұндай мәртебеге 2 рет ие болып, 2013 жылы және осы 2016 жылы олимпиаданы өткізді.

**ОҚЫТУШЫЛАР АРАСЫНДАҒЫ КВН**

30 сәуір күні Студенттер сарайында "Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің 50 жылдығы және Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жылдығына" орай университет кәсіподақ ұйымымен, студенттермен және жастар ұйымдарымен жұмыс бөлімінің ұйымдастыруымен оқытушылар арасында "Ректор кубогі -2016" КВН ойындары өтті.

**Мамыр, 2016 жыл**

**ҒАЛЫМ, ҰСТАЗ ӘДЕБИЕТ МОЛДАХАНҰЛЫ МОЛДАХАНОВ - 80 ЖАСТА**

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінде 2016 жылғы 19 мамырда Қазақ ССР халық ағарту ісінің үздік қызметкері, Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері, 2006 жылғы "Ақтөбе облысының жыл адамы", филология ғылымдарының докторы, профессор Әдебиет Молдахановтың 80 жасқа толу мерейтойы мен ғылыми-ұстаздық қызметінің 50 жылдығына арналған салтанатты шара өткізілді.



**МЕРЕЙІ ҮСТЕМ, ТҰҒЫРЫ БИІК**

***Университетіміздің 50 жылдық мерейлі мерекесіне арналған шара өтті.***

**Шілде, 2016 жыл**

**«СЕРПІН-2050»**

«Серпін-2050» әлеуметтік жобасын жүзеге асыру мақсатында университетіміздің жауапты екілдерінің бірі ретінде «География»



кафедрасының аға оқытушысы, тарих ғылымдарының кандидаты Әбденов Айдын Алматы облысында іс-сапарда болып бағдарламаны кеңінен насихаттап, түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

**Тамыз, 2016 жыл**

**«ХАН ҚОРЫҚ» ЖАСТАР ФЕСТИВАЛІ**

15 - 19 тамыз аралығында Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент – Түркістан – Сайрам-Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи паркі – Шымкент бағдары бойынша «Хан Қорық» жастар фестивалі етті. Фестивальге Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ-нің тарих факультеті, география кафедрасының аға оқытушысы - г.ғ.к., доцент Сергеева Айгул Максатовна жетекшілік еткен география мамандығының 4 курс студенттері қатысты.

**Қыркүйек, 2016 жыл**

**«БОЛАШАҚТЫҢ 25 ИДЕЯСЫ»**

2016 жылдың 30 қыркүйегінде Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің педагогика институты теориялық және қолданбалы психология кафедрасының ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Болашақтың 25 идеясы» жобасы аясында «Жастар ғылым жолында» атты университетіміздің бірінші курс магистранттарымен жас оқытушыларына арналған тәжірибе алмасуы мақсатында ғылыми – танымдық семинар өтті.

**Қазан, 2016 жыл**

**«АНАҒА АПАРАР ЖОЛ» ФИЛЬМІ**

6 қазан күні қаламыздағы "Локоматив" кинотеатрында Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің ректоры Кенжеғали Кенжебаевтың бастауымен бір топ студенттер фильмді тамашалады.

**«ҒҰЛАМА ТҰЛҒА, ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫР» АТТЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ**

2016 жылғы 19 қазанда Ақтөбе облысының әкімдігі мен Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті бірлесе ұйымдастырған қазақ әдебиетінің поэзия, проза, драматургия, сын, публицистика, аударма жанрларына қомақты үлес қосқан қарымды қаламгер, Қазақстанның халық жазушысы Ә.Кекілбаевтың шығармашылығына арналған «Ғұлама тұлға, ғибратты ғұмыр» атты республикалық ғылыми-




практикалық конференция өткізілді.

Университетте Ә.Кекілбаев атындағы дәрісхана ашылды.

**КӘСІПОДАҚ ШӘКІРТАҚЫСЫНА ИЕ**

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің кәсіподақ ұйымы студенттерге студенттік кәсіподақ шәкіртақысын тағайындады.

**ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚУЛЫҚ ҚОЛДАНЫСҚА ШЫҚТЫ**

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің Электронды оқыту («E-Learning» ғылыми-практикалық және «Университет-мектеп» ғылыми-педагогикалық орталықтарының ұйымдастыруымен қаламыздағы мектептердің бастауыш класс мұғалімдерімен кездесу етті.

**Қараша, 2016 жыл**

**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ**

25 қараша күні Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы аясында Ақтөбе облысының әкімдігі мен облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің тарих факультетімен бірлесе көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Ұзақбай Желдірбайұлы Құлымбетовтың туғанына 125 жыл толуына арналған «Ұзақбай Құлымбетов және Қазақстанның мемлекеттілігі» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізді.

**Желтоқсан, 2016 жыл**

**РЕСЕЙ МЕН ҚАЗАҚСТАН ЖАС ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНКУРСЫ**

Ресей мен Қазақстан жас ғалымдарының Халықаралық конкурсының нәтижесі хабарланды. Орынбордағы ІІ Халықаралық кәсіби конкурс шеңберінде бітіруші студент-тарихшылардың жұмыстарын сараптау нәтижелері салтанатты түрде жарияланды. «XIXғ. ІІ жартысындағы Ресей және шекаралас елдердің тарихы» номинациясымен бітіруші (дипломдық) біліктілігі бойынша ең үздік жұмыс ретінде тарих мамандығының студенті Абдрахманова Диана Амангелді-қызының «Өлке білімі тарихындағы Орынбор оқу округі (XIXғ.ІІжарт.)» ғылыми жұмысы лайық деп танылды.

**V ЖАСТАР ФОРУМЫ**

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінде, желтоқсанның 6-шы жұлдызында ЕңсеNone оқу ордамыздың 50 жылдық мерейтойы, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні және Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығы аясында Университеттік V Жастар форумы жоғары деңгейде етті.




**ЕРКІНДІК ҚЫРАНЫ,ШАРЫҚТА**

Желтоқсан айының тоғызыншы жұлдызында Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінде филология факультетінің бастамасымен Жастар сарайында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы мен университетіміздің 50 жылдық мерейтойына орай «Еркіндік қыраны, шарықта» облыстық студенттер айтысы етті.

## ПІКІРТАЛАС ТУРНИРІ

**Желтоқсан айының 19 шы жұлдызында Қазақстан Республикасының 25 жылдығын мерекелеу аясында университетіміздің жанынан құрылған "РИТОР" зияткерлік пікірталас клубы мен физика-математика факультетінің студенттермен және жастар ұйымдарымен жұмыс бөлімінің ұйымдастыруымен "Менің Қазақстаным - менің болашағым" атты қалалық пікірталас турнирі өтті.**

Турнирге М.Оспанов атындағы БҚММУ, Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ, С.Байішев атындағы Ақтебе колледжі, Ақтебе ауыл шаруашылық колледжі, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-ң 1-2 курс студенттері және М. Құсайынов атындағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаты, Ғ.Ақтаев атындағы №6 орта мектебі, №33, №55, Пригород орта мектептері, М.Арын атындағы орта мектебі, №4 Хромтау орта мектебі оқушылары қатысты.



Сайысқа Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ жанынан құрылған "РИТОР" зияткерлік пікірталас клубының аға буын екілдері терешілік етті. Нәтижесінде үшінші орынға университетіміздің 2 курс студенті Азат Уралин мен С.Байішев атындағы Ақтебе колледжінің 1 курс студенті Айсұлтан Тубай ие болды. Екінші орын университетіміздің 2 курс студенті Қалиаш Сержанова мен 1 курс студенті Мелдір Маннапқа бұйырды. Ал жүлделі бірінші орынды университетіміздің 2 курс студенті Айықхан Байтілеу мен 1 курс студенті Нұркенді Жәке езара белісті. "Үздік спикер" номинациясын М.Оспанов атындағы БҚММУ 1 курс студенті Елдар Ершатаев иеленсе, "Үздік төреші" Жанар Уралбаева атанды. Жеңімпаздарды физика-математика факультетінің деканы С.Қ.Телепбергенов арнайы дипломмен және кубокпен марапаттады.

**Салтанат АБДУЛЛИНА,**
**физика-математика факультетінің 3 курс студенті**




# ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ТІЛ

## ТАРИХИ-МӘДЕНИ ДИАЛОГ ӨТТІ

**БИЫЛҒЫ ЖЫЛДЫҢ 6 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА С.БӘЙІШЕВ АТЫНДАҒЫ ОБЛЫСТЫҚ КІТАПХАНАДА Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ ӨҢІРЛІК МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ «ЖҰБАНОВТАНУ» ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ ЕЛ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ 25 ЖЫЛДЫҒЫНА ЖӘНЕ КӨРНЕКТІ МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ Қ.ЖҰБАНОВҚА 117 ЖЫЛ ТОЛУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ҚАЗАҚСТАН ЖУРНАЛИСТЕР ОДАҒЫ, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ «ҚАЗАҚ ТІЛІ» ҚОҒАМЫ, ОБЛЫСТЫҚ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫМЕН БІРЛЕСІП «ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ» ТАҚЫРЫБЫНА ТАРИХИ-МӘДЕНИ ДИАЛОГ ӨТКІЗДІ.**

Басқосуға қаланың жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамы, мәдениет мекемелерінің өкілдері, студенттер мен магистранттар, өзге де зиялы қауым: ғалымдар, журналистер, мәдениеттанушылар қатысып тақырып бойынша ой бөлісті, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде даму барысын, болашақта өсіп-өркендеу мүмкіндіктерін сөз етті. Халықаралық Қазақ тілі қоғамы Ақтөбе бөлімшесі төрағасының орынбасары Ж.Қабақбаев, 1986 жылғы «Желтоқсан» көтерілісіне қатысушылар: «Үш таған» қоғамдық-саяси журналының бас редакторы Б.Қ.Жаншаева, профессор-экономист Б.А.Жүнісовтермен қатар кәсіпкер Ж.Е.Жиенқұлов, заңгер-ұстаз С.М.Мұхтарова, студент Г.Төлегенова және тағы басқалар өздерін толғандырған руханият мәселелері жөнінде көзқарас, пікір, ұсыныстарын білдірді. Гуманитарлық ғылымдар магистрі, филолог Әлия Ұлықпанова Қ.Жұбановтың журналистік, күйшілік, суретшілік, ақындық талантын әсерлі баяндап, тыңдаушыларды тәнті етті. Мақала төңірегінде өрістеген өзара айтыс кезінде жарыссөзге қатысқандар тіл мен рухтың, діл мен діннің біте қайнасқан табиғи тұтастығына қазіргі кезде ерекше мән берілуі, қазақ тілінің бүгінде мемлекеттік мәртебеге ие болып, одан әрі қарай өміршеңдікпен өсіп-өркендеуіне мүмкіндік алуы, біздің ана тілімізге өзге ұлттар мен ұлыстардың үлкен құрметпен қарауы және өздерінің болашағына орай оны үйренуге, меңгеруге күш салуы Тәуелсіздік пен Егемендіктің жемісі, әрі жеңісі деген ортақ түсінікке келді. Диалог барысында Тәуелсіздік пен тілге байланысты телефрагменттер, профессор Жұбановтың өмірі мен қызметін баяндайтын бейнефильмдер көрсетіліп, туған жер, Астана туралы әндер орындалды. Қысқасы, ұлттың ұлық мерекесі – 16 желтоқсан қарсаңында жоғары қоғамдық-саяси деңгейде өткен бұл кездесу оған қатысушылардың бойына асқақ патриоттық рух ұялатып, жастарды мемлекетшілдікке тәрбиелеудің жарқын бір үлгісін көрсеткен тағылымдық шара болды.





**ЕЛ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ 25 ЖЫЛДЫҒЫ ҚАРСАҢЫНДА ПРОФЕССОР-ЛИНГВИСТ Қ.ЖҰБАНОВТЫҢ «ТӨҢКЕРІС ЖӘНЕ ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТ ТІЛІ» АТТЫ ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ МАҚАЛАСЫ БОЙЫНША ӨТКЕН ТАРИХИ-МӘДЕНИ ДИАЛОГТА «ЖҰБАНОВТАНУ» ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ЖЕТЕКШІСІ, ҚАЗАҚСТАН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР АКАДЕМИЯСЫНЫҢ АКАДЕМИГІ БОЛАТ ШАҒЫРБАЙҰЛЫ БАЙМУХАНОВ ТҰЖЫРЫМДАҒАН ЭКСПЕРТТІК ОЙ-ҚОРЫТЫНДЫСЫ:**

Қазақ журналистикасы мен көсемсөз тарихында айрықша орны бар «Төңкеріс және Қазақтың ұлт тілі» атты публицистикалық мақаласында Қ.Жұбанов қазақ тілінің тұтастығын, бірөңділігін, қазақ жүздерінің бәріне бірдей түсініктілігін, Атыраудан Алтайға дейін созылған ұлан-ғайыр далада диалектісіз, өзге тілдерден енген қосымша, кірме сөздерсіз өзінің құрылымдық табиғатын сақтаған бірден-бір тіл екендігін айтқан. Қазақ тілінің жоғарыда өзіміз айтып отырған артықшылықтары мен кезіндегі биік мәртебесі Керей мен Жәнібек негізін қурған қазақ хандығы тұсында айрықша мәнге ие болғандығын және өзге елдерге тәуелсіз сол хандық кезеңдегі қазақ қол жеткізген мемлекеттік дербестіктің оң нәтижесі деп пайымдау қажеттігін ғылыми түрде

### Қ.Жұбанов

## ТӨҢКЕРІС ЖӘНЕ ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТ ТІЛІ

«...Қазақ елін бір қылып, қонысын бірлестіріп, басын қосып, бір тілмен сөйлетіп, бір текті мәдениет тұрғызған жағдай патша Ресейіне қараған дәуірде емес, ол жағдай қазақ жерін Ресейдің отарлауынан үш жүз жыл бұрын басталған болатын. Сол үш жүз жыл қазақ мәдениетінің ішкі ой-шұқырын соншама тегістеген – бұған таңданбасқа болмайды. Басқасын қойып, бірлескен қоғамның ішкі қатынасының негізгі айнасы болатын тілді алсақ, қазақ тіліндегідей бір өңкейлікті, бір қалыптылықты басқа тілдерден өте сирек ұшыратуға болады. Қазақ тілінде еш бір диалекті жоқ деуге болады. Осы күні бір ғана болар-болмас жарқыншақ барын сезіп жүрміз. Сонда да бұл сияқты тіл бірлігі маңайдағы тілдердің ешқайсысында жоқ. 4-5 миллиондай халық, қазақ жеріндегі ұшы-қиырсыз шалқыған кең даланы алып жатып, қалайша мұндай тіл тұтастығын жасай алды? деген сұрау таңданбастай нәрсе емес. Тілдегі мұндай тұтастық, бір өңділік қазақ жеріндегі тұрмыста ұзаққа созылған тығыз қатынас болғандығын көрсетеді. Ондай тығыз қатынас болмаса, өзі көп, неше түрлі елден құралған бір халықтың тілі мұншама бірікпеген болар еді.

Осы тығыз қатынас Ресейге қарамай тұрғанда болғаны анық. Ресейге қарағаннан кейін қайта, бұл қатынас әлсіреп, қазақ елінің бірлігі ыдырап, қоғам организмдері ұсақталып, осыған сәйкес қазақтың бұрынғы тұтас мәдениетінің тігістері сөгіліп, ұсақталып, жарықшақталып, бытырауға айналғанын көреміз.

Өйткені қазақтың халық мәдениетін жасаған, оны өркендеткен себептер де Ресейге қарағаннан кейін, әсіресе, 1869 жылдан бері қарай жоғалып бітуге жақындап еді.

Қазақ елінің басын біріктірген, одан бері 500 жылдай ыдыратпай ұстаған:

1.Шаруашылығы бірыңғай (мал шаруасы) жерлес елдің шеттегі жаудан мал басын бірігіп қорғауы еді. Елдің ат арқасына мінері тегіснен әскерде еді.

Сонымен әрбір жеке адамның бас пайдасы мен қоғам пайдасы бір ұштасып отырады да, әрбір жеке адамда азаматтық сана, қоғамның жалпы мұңы, саяси белсенділік күшті еді.

2.Көшпелі мал шаруашылығы және жер мүлкінің ортақтығы адамды бір орынға арқандамай, бір-бірімен араласуына, Ертістен көшкен Сырға құлауына, Шудан көшкен Жайыққа келуіне толық мүмкіндік беретін еді. Бір ру мен екінші ру ғана емес, ол кезде бір жүз бен екінші жүздің от-суы, әр малдың сезон-сезондағы жайылымы қазақ елін қыдыртып, бірінің үстіне бірін құлата беруші еді.

3.Бір ру мен екінші рудың қонысқа, басқаға таласып үздіксіз жауласып, әр жауласудың нәтижесінде үздіксіз араласып, жарасып тұратындығы. Міне, бұл да араластырмай, қатынастырмай қоймаушы еді.

4.Әр рудың ішкі қатынасы. Бұ да бірде татулық, бірде жаулық түрінде үзілмей отырды.

Осылардың нәтижесінде қазақ мәдениетінің, соның ішінде қазақ тілінің бірігуі, тұтасуы, өзінше өркендеуі пайда болды. Мемлекет машинесі берік емес, тұрақты армиясы жоқ елді, көпшілікті дегеніне жүргізу, соғысқа, бітімге, қоныс меңгеруге көндіру үшін үстем таптардың мықты құралы – тіл болды. Топ жарған шешен, тақпақ ақын, ескі әдетті көп білетін көрі құлақ адамды, қысқасы, тіл өнершілерін үстем тап өзіне тартып, солардан агитпром жасап отырды. Қазақтың тіл өнерін жетістірген жағдай осы еді.

Ресейге қарағаннан бері бұл жағдай жоғалды. Шет жаудан қорғау міндеті де, ішкі көпшілікті дегенге көндіру міндеті де үкімет қолына көшті. Бұрын мал бағып, малы мен басын қорғауға қоғам болып, қоғамдық санасы бар қазақ енді тек малшы болды. Өз малы мен өз басының қамынан басқа оған ойлайтын нәрсе қалған жоқ. Сүйтіп, азаматтық санасы кеміді. Соңғы 40-50 жылда қазақтың үстем табының ісі де, ермегі де ауылнайлық пен болыстық болды. Жер пайдалану жолының жаңа түрі ауылда крепостнойлыққа ұқсас қатынас тудырды, бұл жұртты одан жаман деморальдандырды. Қазақтың жері кесіліп, көш жолы үзіліп, әр ру, әр ауыл, әр үй жерге арқандала бастады. Қатынас тоқтады. Әр жердегі қазақ әр түрлі жағдайда күнкөріс жасап, өз бетімен кетуге, мәдениет бірлігін сөгуге айналды.

Қазақ тілінің диалектілері дейтініміздің бір қатары міне, осы дәуірде, осы ыдыраудың нәтижесінде туды. Сол жолмен кете барса, қазақ тілі деген тілдің біржола құруы мүмкін еді...»

/Қазақ әдебиеті. 1935 жыл, 20 ноябрь, №:31 (61). 10-б./

# ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ТІЛ




дәлелдеген. Ал, 1869 жылға дейін өзінің қазіргі қалпында осылайша үздіксіз дамыған ұлттық тіліміздің онан әрі де жедел қарқынмен, жаңа замандарға ұмтылған орасан зор өміршеңдікпен дамуын мезгілсіз тоқтатып, бұғаулаған жағдай Ресей империясының отарлау саясаты еді деп түсіндірген.

XVIII-XIX ғасырдағы тілдік дамуды ғылыми тұрғыдан жан-жақты талдап, зерделеу барысында Қ.Жұбанов қазақ руханиятының ендігі жерде бойын тіктеп күш алуы, ренессанстық дәуірді бастан кешіріп қайта түлеуі кейінгі тарихи даму нәтижесінде билікке келетін қоғамдық формациялардың еншісінде және олардың әр түрлі уақыт бедерінде жасаған прогрессивтік қадамдарына тікелей байланысты деп тұжырымдаған. Құдайберген Қуанұлы айтып отырған сондай формация Қазан төңкерісі арқылы билікті жеңіп алған Кеңес өкіметі болғаны бізге мәлім. Өйткені жер жаһанды дүбірлетіп дүниеге кеп, Ресей және оның қарамағындағы отар елдерде ез диктатурасын орнатқан жаңа үкімет тарих аренасына келген күннен бастап-ақ қазақ елінің де тағдырын өзгертті емес пе? Үлкен саясаттың сол кезеңдегі білгір, сұңғыла өкілдерінің бірі ретінде де қалың қауымға танылған профессор өз мақаласында жазып отырғандай «...бір елді бір ел үйітіп жейтін бұрынғы заңның орнына жаңа заң тудырған жаңа дүние пайда болды. Бір елге бір ел жәрдем етіп, жетпесін жеткеретін бауырмалдық, ел-елдің шын достығы орнады. Осыдан кейін қазақ елі шын мағынасымен ұлт болды. Оның ұлт тілі болды. Бүгінде сол бұрын ыдырауға айналған қазақ тілінің қазынасын жиып, онан әрі молайтып жатырмыз. Бүгінде қазақ тілі, әдебиет тілі болды. Қазақ тілі жоғары мектептерде оқылатын бір ғылым саласы болды. Байыған өмір тілді де байытты».



... Иә, Қазан төңкерісі Қ.Жұбанов «Төңкеріс және Қазақтың ұлт тілінде» сипаттап көрсеткендей қазақ қоғамының өмір-тірлігін түбегейлі өзгерткен-ді. Сол өзгерістердің бізге (кейінгі ұрпаққа) тарихтан белгілісі: Қазан төңкерісінен кейін қазақтың жеке ұлт болып танылғаны, халқымыздың ұлттық тілі ретінде қазақ тілінің ресми мойындалғаны, қазақтың ұлттық үкіметі боп Алаш Орда автономиялық үкіметінің құрылғаны, қазақтың білім, ғылым, өнерінің ұлттық мазмұнда дамуға мүмкіндік алғаны, қазақ халқының көрнекті қоғам қайраткерлері Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов сияқты т.б. азаматтардың ұлт, мемлекет мүддесіне қалтқысыз қызмет жасап, Қазақстанды дамушы елдер қатарына қосқаны.

Алайда, тарихи даму барысында Кеңес үкіметіне қатысты жоғарыда айтылған жағдайдың бәрі уақытша, алдамшы бір дүние боп шығып, төңкеріс нәтижесінде пайда болған жаңа үкімет елді шын мәніндегі халықтық-демократиялық жолмен басқару орнына әміршілдік-тоталитарлық басқару аппаратын жасақтағандығы, сол аппарат арқылы күллі КСРО көлемінде шексіз билік жүргізгендігі, коммунисттік партияның басшылығымен мемлекеттік барлық құрылымда үстемдік құрғандығы, мемлекеттік масштабта орын алған өзге де кемшіліктер, келеңсіздіктер мен әділетсіздіктерді айтпағанның өзінде бақуатты өмір, әділдік пен теңдік, әлемдегі бірлік пен туысқандық үшін күрескен Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов сияқты ондаған, жүздеген адал ниетті арыстарды ақырында өзінің құрбаны еткені, халықтың арман-үміттерін тәрк етіп сондай ең сорақы іс-әрекетке саналы түрде барғанын қазіргі кезеңде күллі әлем жақсы біледі емес пе?

Сондықтан өз ұлтын қандай қиын жағдайда да алдыға тартқан айрықша жігерлі, білімді пассионарлық тұлға Қ.Жұбанов сияқты ғалым-ұстаздың кезінде жазған «Төңкеріс және қазақтың ұлт тілі» мақаласы бүгінде бізді жайбарақат қалдырмайтыны сөзсіз. Себебі, бұл еңбегінде профессор Қ.Жұбанов тілдік материалдарды жалаң күйде қарастырмай төңкеріс тұсындағы тілге қатысы бар әлеуметтік-тұрмыстық, мәдени-рухани мәселелермен сабақтастыра отырып бағамдайды, яғни, тілді мәдениеттің өлшеуіші деп есептейді, тілдің өркендеуін үздіксіз дамуымыздың, уақытпен бірге өсуіміздің басты өлшеміне балайды. Елдік және мемлекеттік мүддеге қызмет жасайтын, өткір саяси-сипатқа, айрықша мазмұнға ие ғалымның осы мақаласы кейінгі жас өскінді Жәнібек пен Керейден басталатын Қазақ хандығы тұсында болған тіл тұтастығы, Қазақстанның қай жүзінде болмасын бәріне бірдей түсініктілігі, өсіп-өркендеуі тек қана қазақ елінің Тәуелсіздігі мен егемендігі тұсында ғана мүмкін деген ақиқат ойға жүгіндіреді,.Әрбір қазақстандық азаматты әлемге аты мәшһүр ұлт көшбасшымыз, Н.Ә.Назарбаевтың арқасында елімізде орнаған «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» бүгінгі заманның зор жетістіктерін бағалауға және сол жетістіктерді жыл өскен сайын молайтып, Отанымыздың қуатын арттыра беруге бағыттайды.

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, қаламгерлік тірлікте ғылыми публицистиканың бастауында тұрған Жұбановтың бұл мақаладағы ой батылдығын азаматтық батылдық деп білсек, оның ел руханиятының болашағына қатысты болжампаздығын Тәуелсіздік арқасында Қазақстанның бастан кешіп жатқан бүгінгі бақуатты өмірін өткен XX ғасыр басында-ақ көре білген көрегендігі деп түсінгеніміз дұрыс.

Сондықтан да өзге ғылыми,көркем-әдеби шығармаларымен, елдік пен ерлікті әрқашан ұрпақ табиғатына сіңіретін көсемсөзшілік қабілетімен, жиырмадан астам ғылым саласында тың жаңалықтар ашып, әмбебап білімімен артына өшпес із қалдырған ғалым-ұстаздың өз заманында айтқан салихалы ой-пікірі, ақыл-кеңесі Тәуелсіздік тұсында өмір сүріп жатқан өскелең ұрпақты халықтың жарқын болашағы мен ұлт игілігі үшін ұлы істерге бастайтыны сөзсіз.

# ЖҰБАНОВ ТУРАЛЫ ЖАҢА ӘДЕБИЕТ




Жуырда белгілі ақтөбелік ұстаз-ғалым, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің проректоры М.О.Миров қазақтың ұлттық ғылым тілін жасау жөнінде профессор Құдайберген Жұбанов кезінде жазған ғылыми еңбектерді бүгінгі уақыт биігінен зерттеп-зерделеп монография түрінде баспадан шығарды. «Қ.Жұбановтың лингвистикалық танымдары» деп аталатын бұл кітап Мұхтар Орынбасарұлының университет студенттері мен магистранттарының, тіл мамандары мен оқытушы мұғалімдердің кәсіби қажетіне ұсынып отырған жұбановтанушылық мазмұндағы ғылыми еңбегі.

Монография, сонымен қатар, Қ. Жұбанов идеялары мен мұраларын адам өміріндегі тілтанымдық процестің динамикалық суреті, әлемдік, әлеуметтік психолингвистикалық көріністер панорамасы, тілге тікелей қатысы бар мамандардың кәсіби қажетін өтейтін тиімді құрал, ұлттық философиялық, логикалық, эстетикалық ой-пікір қалыптастыратын кешенді жүйе ретінде тану керектігі жайлы М.Миров бұрынырақта жазған мақалалар мен ғылыми еңбектердің жалғасы.

Практикалық тіл білімі саласындағы кейінгі зерттеулерге негіз болатындай мазмұны бар бұл теориялық құнды қолтума - қазақтың тұңғыш профессор-лингвисті Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың адамды тіл арқылы тану мәселесіне байланысты түйіндеп-тұжырымдаған концепцияларының қазіргі уақыт үшін де өзектілігін, мән-маңызын ашып көрсеткен қазақ лингвистикасындағы соны жаңалық.

Сондықтан жаңа 2017 жылдың жылы лебін әкелген танымдық-тәлімдік әлеуеті мол кітаптың ғылыми-педагогикалық көпшіліктің қызығушылығын туғызып, өз оқырманын табатыны күмәнсіз

**академик Б.БАЙМУХАНОВ**






# ТӘУЕЛСІЗДІК ДӘРІПТЕЛГЕН КҮН

**Алты алаштың айбынын айғақтаған, жасампаздығымызды жаңа белеске көтерген Тәуелсіздігімізге биыл 25 жыл толып отыр. Тәуелсіздікке оңайлықпен қол жеткізбегеніміз баршамызға аян. Ол халықтың сан ғасырлар бойы еркіндікті аңсаған қажырлы күресі, 1986 жылғы «Желтоқсан» оқиғасында алаңға шыққан жастардың ерік-жігерімен, қайтпас қайсарлығымен келген биік тұғырымыз. Әрине, ширек ғасыр айтулы мереке. Дегенмен әр жылдың 16 желтоқсан күні жүрегімізді айрықша толқынысқа бөлейтіні рас. Бұл күні осынау шынайы сезімді туған Отанының әрбір патриоты сезініп, мақтаныш сезімге бөленетіні анық.**








Университетімізде мерекеге орай бас ғимараттың кіреберіс холында «Елімнің бақытын тербеткен Тәуелсіздік» деп аталған үлкен мерекелік шара өтті. Оқу ордамыздың екі институты мен алты факультетінің жастармен және студенттермен жұмыс бөлімі мен белсенді студенттері аталмыш шара барысында әр ұлттың ұлттық киімдері мен тағамдарынан керме, жәрмеңке, «I Love KZ» фотокөрмесін ұйымдастырып, сондай-ақ, өз қолдарымен еліміздің қалаларының ең көрікті жерлерінің макеттерін жасап, көпшілік назарына ұсынды.

Мерекелік концерт Ғ.Жұбанова атындағы облыстық филармонияның камералық хорының орындауындағы әсем әндермен ашылды.

Еліміздің әнұраны қосылғанда, жиналғандар ерекше құрметпен қолдарын кеуделеріне қойып, ыстық ықыласпен тыңдады. Алғаш сөз кезегін алған университетіміздің ректоры Кенжеғали Кенжебайұлы Тәуелсіздіктің 25 жылдық мерейтойымен құттықтап өтті. «Құрметті профессор-оқытушылар, студенттер! Баршаңызды еліміздің ширек ғасырлық мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Тәуелсіздік бізге халқымыздың азаттық жолында ерлік пен елдіктің талай үлгісін көрсете білген ата-бабаларымыздың табанды күресінің арқасында жетті. Әлем тәуелсіз елдігіміздің арқасында ғана дүниеде қазақ деген ел барын, оның өресі мықты, өрісі кең халық екенін білді. Бұл біз үшін ұлы мереке. Елбасымыздың ұстанған сындарлы саясаты арқасында биік нәтижелерге қол жеткіздік. Тарихымыз түгенделіп, ұлттық құндылықтарымыз дәріптелді. Тәуелсіздік жемісі – дегеніміз осы», - деді оқу ордамыздың басшысы өз сөзінде.

Одан кейін университет басшысы институттар пен факультеттер дайындаған көрмені аралап, студенттер жұмысына оң бағасын беріп өтті.

Шара студенттер дайындаған мерекелік концертпен жалғасты. Концерт кезінде ұлттық би биленіп, патриоттық әндер шырқалды. Мерекелік кешті университетіміздің белсенді студенттері Нарқозы Қартжан мен Алмат Бердунғаров жоғары деңгейде жүргізе білді. Шара соңында жиналғандар әр ұлттың ұлттық ас мәзірінен дәм татып, ерекше көңіл күймен тарқасты.

**Ж. АРЕН**

# 2017 ЖЫЛ ҚАНДАЙ БОЛМАҚ?

ШЫҒЫС КҮНТіЗБЕСіНЕ СӘИКЕС, КЕЛЕ ЖАТҚАН 2017 ЖЫЛ – ҚЫЗЫЛ НЕМЕСЕ ОТТЫ ҚОРАЗ ЖЫЛЫ. ЕҢ СӘТТі «ҚОРАЗ МАУСЫМЫ» – КҮЗ МЕЗГіЛі. НАҚТЫРАҚ АЙТСАҚ, ҚЫРКҮЙЕК АЙЫ. ОТТАН БӨЛЕК, ҚОРАЗҒА СӘТТіЛіК ӘКЕЛЕТіН СИМВОЛ – МЕТАЛЛ ЖӘНЕ САРЫ ТҮС.

КҮНТіЗБЕ БОЙЫНША ЖАҢА ЖЫЛДЫ 31 ЖЕЛТОҚСАННАН 1 ҚАҢТАРҒА АУҒАН ТҮНі ҚАРСЫ АЛҒАНЫМЫЗҒА ҚАРАМАСТАН, РЕСМИ ТҮРДЕ ҚОРАЗ ЖЫЛЫ 2017 ЖЫЛДЫҢ 28 ҚАҢТАРЫНДА БАСТАЛАДЫ. АЛ МӘРЕСіНЕ ЖЕТЕР УАҚЫТЫ – 2018 ЖЫЛДЫҢ АҚПАННЫҢ 15-іНЕН 16-СЫНА АУҒАН ТҮНі. БҰЛ ЖЫЛ ҚАНДАЙ БОЛМАҚ?

Жұлдызнама бойынша Қораз жылы – бұл әрдайым орын алар жарқын да маңызды оқиғалар. Қызыл қораз түсі – күш-қуат, асқан дәлдік, үнемшілдік пен өзіне сенімділік. Мұндай жылы батыл, мақсатқа жетуде табандылық танытып, күшін аямайтын, мақсатынан ауытқымайтын және нақты қадам жасай білетін, тәуекелге бел байлауға дайын жандардың жолы болып, айы оңынан туады. Бұдан алдыңғы Қораз жылының 2005




жылға сәйкес келгенін айта кету керек. Ал келер жылдан кейін Қораз жылы 2029 жылы келеді. 2017 жылдың күші – От. Бірақ одан қорқудың керегі жоқ. Себебі бағзы замандарда адамдардың отты қолданып үйренуі үлкен дамуларға алып келді. Сонымен қатар бұған дейінгі Қораз жылдары әлем үшін тағдыршешті ауыр болған емес.

Таңғаларлық, бірақ түрлі мәдениеттегі қораз символы бірдей сипатта. Ол – жаңа күн, жарық, табандылық пен игі істердің символы. Қораздың өз аумағын қызғана, жанын сала қорғайтыны белгілі. Тіпті, соңғы демі таусылғанша беріспейді. Сондықтан оның ең күшті деген жорықтардың таным белгісіне айналғаны таңғалдырмайды. Денесін тік ұстап, түрлі әдістермен қарсыласына үрей ұялату қасиеті қашан да жоғары бағаланады.

Жыл сипаттамасы: бізді не күтуде және неге дайын болуымыз керек?!

2017 жыл – бірбеткей, жарқын мінезді отты немесе қызыл Қораз жылы. Ол жаңа күнді қарсы алады. Сондықтан Қораз – бар жаңаның символы. Ол – қызыққұмар, айналасындағылармен тіл табысқыш әрі өзгелердің назарын өзіне аударып, кез-келген салада жеңіске жеткенді ұнатады. Жалпы алғанда, бұл жыл табысты болмақ. Қораз – үнемшіл, тіпті, есепшіл Дәл осы себепті 2017 жыл өз кәсібін бастау, жылжымайтын мүлік сатып алу, көшу сынды тағдыршешті жоспарларды жүзеге асыруға тиімді. Өзге жағынан қарастырсақ, бұл жетік білетін салаңызда жаңа істерге қол жеткізуге қолайлы жыл Қораз кертартпа және өзгерісті ұнатпайды. Есесіне жаңа келісімшарт, ғылыми зерттеулер, үй жөндеуді және отбасының жаңа мүшелермен толығуын «мақұлдайды». Қораз мінезі ұқыптылыққа, сыртқы келбетіңіз бен денсаулығыңызға мән беріп, күтінуге үйретеді. Сондықтан 2017 жылы мұндай өзгерістерге жол беру тек сәтті болады.

2017 жылдың мұнан басқа ерекше символы – көпшілдік. Биліққұмарлығына қарамастан, Қораздар жалғыздықты суқаны сүймейді. Алдағы жылға достарыңызбен, туыстарыңызбен саяхаттау, тынығу немесе үйлену, мерейтой сынды отбасылық мерекелерді жоспарлауыңызға болады. Олардың барлығы сәтті өтеді. Қораздардың талғампаздығын ескеру аса маңызды. Қызба мінезді болғанымен, маңызды шешімдерді он ойлап барып қабылдайды. Ол – үйренуге тұрарлық жақсы қасиет. Отты Қораз жылы басшылық қызметтегі, әлденені ұйымдастырып не ойлап табатын жандар үшін сәтті болады. Мұндай адамдарға 2017 жыл – өте жағымды. Қораз өршіл жоспар мен ең батыл ойларды қолдауға даяр. Десе де әр іске тиянақты дайындалу қажет.

2017 жылды қарапайым жыл деп атауға болмас. Оның зеріктірерлік болмасы анық. Себебі, Қораздар зеріғу мен уайымға төзбейді. Ең бастысы – өзіңізге сену. Адамдар арасындағы қарым-қатынас, махаббат үшін 2017 жыл күрделі болады. Қораздардың қызба мінезі мен тұрақсыздығы көбіне достары, сүйіктісімен қарым-қатынасын реттеуге кедергі келтіреді. Ал нақты таңдау жасалса, Қораз қарым-қатынасын нығайтуға бар күшін салуға дайын. Ол сыйлықтарды үйіп, жақындарын таңғалдыра алады.

Бұл үлкен саясатқа да қатысты. Қораз жылы халықаралық деңгейдегі шиеленістер болуы мүмкін. Десе де жыл ел ішіндегі өмір сапасын жақсартуға бағытталған маңызды реформаларды жүзеге асыруға жайлы. Қораз өз аумағын бар күшін сала қорғайды және жақындарының амандығын ойлайды. Сондықтан мұндай әрекеттердің барлығына сәттілік серік болады. Бастысы – әр нәрсенің шегін біліп, шектен шықпау. Қораз парасатты әрі барлық тараптың қызығушылығын ескере отырып, дұрыс шешім қабылдай біледі.

**Stan.kz сайтынан алынды**



# ЖҰЛДЫЗ-ЖОРАМАЛ

**2017 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖҰЛДЫЗ-ЖОРАМАЛ КӨПТЕГЕН ТОСЫНСЫЙМЕН ҚУАНТАДЫ. ҚЫЗЫЛ ҚОРАЗ ЖЫЛЫ – ЖАМАНДЫҚ ПЕН ҚАУІП-ҚАТЕРДЕН АДА. КЕЛЕ ЖАТҚАН ЖЫЛЫ «КҮТПЕГЕН», «ТОСЫНСЫЙ» СӨЗДЕРІ ӨМІРІҢІЗДЕ ЖИІ ҚОЛДАНЫЛАТЫН БОЛАДЫ. ОЛ, ӘСІРЕСЕ, МАХАББАТ МӘСЕЛЕСІНЕ ҚАТЫСТЫ. ЕРТЕП ӘЛЕМІНДЕ ЖҮРГЕНДЕЙ КҮЙ КЕШІП, СЕЗІМТАЛДЫҚҚА БОЙ АЛДЫРАСЫЗ. ДЕСЕ ДЕ АБАЙ БОЛҒАНЫҢЫЗ АБЗАЛ. СЕЗІМГЕ ТОЛЫ СЫРЛЫ ӘЛЕМДЕ ӨЗІҢІЗДІ ЖОҒАЛТЫП АЛМАСАҢЫЗ БОЛҒАНЫ.**



**Тоқты.** Келе жатқан 2017 жыл Тоқтылардың бойында күш-қуат таситынын жұлдыздар уәде етеді. Алайда оны қайда жұмсарыңызды білмей, бар істі күш сала атқаруға тырысасыз. Өмірде кездейсоқ ештеңе болмайды. Бар ынтаңызбен істеген кез-келген іс ертелі-кеш жемісін берері анық. Көңіліңізге жағымды іспен айналысып, уақытыңызды пайдалы өткізген дұрыс.

Бар уақытыңызды қызметіңізге, кәсібіңізге арнап қана қоймай, ұсақ-түйек шаруаларға да көңіл қойыңыз. Махаббат мәселесіне келер болсақ, Тоқтылар бұл жылы жаңа таныстар тауып, сезімге беріліп, романтикалық хикаяларды бастан кешеді. Егер Тоқты бар жүрегімен шынайы бақытын табуға ұмтылса, алдағы жылы қарым-қатынастағы тілектеріңіз бен талаптарыңызда қарапайым болыңыз. Ең болмаса, шектен шыққандығыңызды түсінгейсіз.



Торпақ. 2017 жыл Торпақтардың күш-қайратын, төзімділігін сынға алады, бұл сынақтың негізгі құраушылары – қызығу мен ләззат. Тіпті, қарапайым ғана жалқаулықтың өзі Торпақтарды тереңге тартып әкетуі мүмкін. Егер Торпақ 2017 жылы табысқа қол жеткізгісі келсе, өмірге деген құштарлығын бақылауда ұстауы керек.

Қолға алған істерін атқаруда міндеттеріңізді орындау, ойға алғаныңызды жүзеге асыруға күш-қайрат жетіспеуі мүмкін. Махаббат мәселесінде, жеке өміріңізде қызықтырар дүниелер үлкен қателікке ұрындырады. Сезіміңіздің беріктігін тексеріп, толысуына уақыт беріңіз. Олар – шынайы махаббатыңызбен бақытқа кенелудің кілті.



Егіздер. 2017 жыл Егіздерге маңызы зор, үлкен істер атқаруға мүмкіндік береді. Ол Егіздердің өміріне әсерін тигізбей қоймайды. Келе жатқан жылы оларға белгілі бір істі қолға алып, бос шаруаларға мән бермей, соған ғана көңіл бөлу, алға қойған мақсаттарының ішінен ең маңызды әрі келешегі зорын таңдау оңайға соғады. Жұлдыздар Егіздердің қолға алған мақсат-жоспарының бәріне қолдау танытады.

Мұндай сәттілік жүрегінің жартысын іздеген Егіздерге де серік болады. Жүрегінің таңдауы 2017 жылы Егіздерді алдамай, нағыз бақытын табады. Бұл жылы қарым-қатынасыңызды отбасын құру, сәбилі болу тәрізді жаңа деңгейге шығара аласыз. Өмірлік серігін іздеген Егіздер сүйіктісімен қауышады. Бастысы, өз жүрегіңізге, ішкі түйсігіңізге сеніңіз.



Шаян 2017 жылы Шаяндар өмірінде көптеген қызықты жайттар, тосынсыйлар орын алады. Олар келер жылы өзін толықтай үй шаруасына, жөндеу жұмыстарын жүргізуге арнағысы келгенімен, бұл ойына кедергі келтіретін тамаша мүмкіндіктер мен күтпеген жағдайлар орын алады. Бұл жылы Шаяндар көптеген жаңа таныстық, кездесу күтеді. Жаңа таныстарының арқасында қызметі мен мансабында ғана емес, жеке өмірінде де біраз дүние өзгереді.

Өмірлік жарын іздеген Шаяндар үшін бұл жыл жаңа таныстықтарға толы болады. Бұл мүмкіндікті жіберіп алмаңыз. Қызыл Қораз жылы кездейсоқ таныстықтың жүрегіңізде ұзақ сақталып қана қоймай, отбасылы өміріңіздің бастауы болуы мүмкін. Ал отбасылы Шаяндардың қарым-қатынасында түсініспеушілік туындап, сезімдеріңіз сыналады. Араларыңызда қандай жағдай болса да, қиындықты іште бүгіп қалуға тырыспаңыз. Қиындықтың өздігінен шешілетінін күтпеңіз.

Арыстан. Келе жатқан 2017 жылы Арыстанға жағымпазданатын, қошемет сөздерін үйіп-төгетін жандар аз болмайды.



Бірақ оларға алданудың, қосаңсудың қажеті жоқ. Әр мақтау сөздің астарында қулық жатқанын біліңіз. Жалпы, бұл жыл Арыстандар үшін табысты, сәтті жыл болмақ. Оның еңбекқорлығы жетістікке жеткізеді.

Ал жеке өмірінде үйлесім мен гүлдену кезеңі орын алады. 2017 жылы айбарлы Арыстан да махаббат құрбанына айналады. Олардың жүрегі өзгелер үшін қаншалық жабық болса да, әлсіздік танытып, құлай ғашық болады.



Бикеш. 2017 жылы Бикештердің өмірінде көп өзгерістер орын алады. Оларға бір дүниеге ғана назар аудару, тек бір жоспардың соңынан жүру қиындық туғызады. Жыл бойы тағдыр Бикештерге өмірін жарқын етіп, жаңа сезім, жаңа ой, жаңа таныстықтарға толтыруға талай мүмкіндік береді. Ол мүмкіндіктерді қолдану-қолданбау олардың өз еркінде.

Жұлдыздар Бикештердің аяғы баспаған жерден өз махаббатын табарын айтады. Жаңа ел, жаңа сезім, жаңа достар бұл жұлдыз белгісі өкілдерінің өмірін гүлдендіріп қана қоймай, жүрегін махаббатқа айқара ашып, сезім отын лаулата түседі. Ол, әсіресе, өз жұбын таппаған Бикештерге қатысты.



Таразы. Келе жатқан 2017 жыл Таразылар үшін махаббат және шығармашылық арнасында өте сәтті болатынын жұлдыздар уәде етеді.

Ал ұйымдастырушылыққа қатысты жоспарлар айтарлықтай табысты бола қоймайды. Өкінішке орай, нақтылық, ұқыптылық және тәртіпті талап ететін кез-келген мәселе аздаған қиындықтар тудырады. Ал ішкі әлеміне, сезімдеріне басы бүтін берілген Таразылар келер жылы жұмысына салғырт қарап, салдарынан опық жеуі мүмкін. 2017 жылы Таразыларға биржадағы ойын ғана емес, жылжымайтын мүлік сатып алу немесе несие алу сынды қарапайым мәселелерді өз бетіңізбен шешуге тырыспағаныңыз жөн. Ақылдасып шешу қиындықтар мен қателіктердің алдын алатынын ұмытпағайсыз.



Сарышаян. 2017 жыл Сарышаяндар үшін сәтті болмақ. Өзіне, өз күшіне сене білетін Сарышаяндар жолында кездескен мүмкіндіктердің барлығын құр жібермейді. Нәтижесінде өмірінде бірқатар оң өзгерістер орын алады. Өзгелері «жеті рет ойлап, бір рет кеспек» үшін біраз уақыт ой соңында жүргенде, салқынқанды Сарышаяндар мақсатына жетудің оңай жолын тауып, күмәнсіз, табысқа қол жеткізеді. Келер жылы бұл жұлдыз белгісі өкілдері діттеген мақсаттары мен жоспарларын жүзеге асыра алады. Олардың бойындағы әр істі саралай шешіп, дұрыстығына көз жеткізіп барып қолға алу қабілеті бұл жылы Сарышаяндар үшін аса пайдалы болмақ.

Келе жатқан Қызыл Қораз жылы Сарышаяндар өз бақытына өзі ұста болмақ. Тағдыр көптеген мүмкіндіктерді қарша боратады. Оларды дер кезінде қолдану не бас тарту Сарышаяндардың өз еркінде.

Басы бос Сарышаяндар жолында кездескен жанның бәріне жүрегін, сырын ашпағаны жөн. Басыңыз ойға, жүрегіңіз сезімге толып тұрса да, олардың барлығын жария етуге асықпаңыз.



Мерген 2017 жылы Мергендер бойында бүгіп жатқан жаңа дарын мен қырларын байқайды. Оның шығармашылық қабілеті және парасаттылығы көп мүмкіндіктерге есік ашып, талай биікті бағындыруға көмектеседі. Бірақ олардың қатысуымен жасалған істің қай-қайсы болмасын бұрынғыдан айтарлықтай жақсырақ шықпақ. Ең бастысы, айналысқан істердің барлығы Мергендердің көңілін қанағаттандырып, қызығушылығын арттырады. Жұлдыздар Мергендердің кез-келген салада табысқа жетіп, айы оңынан туатынын айтады. 2017 жыл Мергендер үшін сәтті болмақ.

2017 жылы Мергендер тек өз қызығушылықтарына бар уақытын арнайды. Бұл жылы Мергендерге жаңа таныстар іздеудің қажеті жоқ. Жаңа таныстарды Мергендерді өздері-ақ іздеп табады. Бұл жылы Мергендерге көз салатын жандар қатары көбейеді. Сондықтан қызғаныш нысанына айналуыңыз ғажап емес.



Тауешкі. Жұлдыздар Тауешкілерге 2017 жылы барынша сақ жүруді ескертеді. Бұл жылы үлкен қателік жіберіп, арман-мақсаттарыңыз бен жоспарларыңыздың құлталқаны шығуы мүмкін. Оның себебі жүрегіңізде туғанған бір сәттік сезім болуы ықтимал. Өкінішке орай, әдетте ұстамдылығымен, сабырлылығымен көзге түсетін Тауешкілер кенеттен пайда болған сезімге бой алдырып, көптеген қателікке ұрынады. Ең алдымен, қауіп-қатер жеке өміріңізде, махаббат арнасында туындайды.

Егер басқа жылдары мұндай тәуекелге барып, дін-аман құтылсаңыз, Қораз жылы қиындықтан сүттен ақ, судан таза күйде шыға алмайсыз. Әр нәрсенің өз орны, шегі бар. Сондықтан қашанда отбасыңыздың жанынан табылып, көңіл бөлуді ұмытпаңыз.



Суқұйғыш. Қораз жылы Суқұйғыштар өмірі қызықты сипат алады. Жұлдыздар жаңа мүмкіндіктер сыйлап, өмірін өзгертуге жағдай туғызады.

Ол үшін мүмкіндіктерді дұрыс қолдана білу қажет. Ал ол Суқұйғыштар үшін оңай болмауы мүмкін. 2017 жылы Суқұйғыштар үшін махаббат үлкен айдын іспетті болса, өздері шалғайдағы жағалаудан ғашығын іздеген кеме капитаны рөлінде болады, себебі жыл бойы тынымсыз махаббатын іздеумен әуреленеді.

Басқа сөзбен айтқанда, Суқұйғыштар үшін бұл жыл сезімге толы болмақ. Өз кезегінде берік отбасын, отбасылық бақытты екінші орынға қойып, сезімнің жетегінде еретін Суқұйғыштар үшін мұның зияны басым, бойындағы бұл сезімді бақылауға алып, махаббатын алыстан іздегеннен бұрын берекеге толы шаңырақ құрғаны жөн.



Балықтар. Балықтар үшін келе жатқан 2017 жыл – тосынсыйларға күтпеген жайларға толы. Балықтар қандай жоспар құрып, табандылық танытса да, жұлдыздар өзгерістер енгізбей қоймайды. Орын алған өзгерістерді мүмкіндігінше дұрыс бағалап, соларға сәйкес жоспарларыңызға түзетулер енгізіңіз. Егер Балықтар бұл кеңеске құлақ асса, тағдырының құндылығы зор сыйлармен қуантады. Ал өзгерістермен күресуге бел шешсе, табысқа қол жеткізері екіталай. Дегенмен күш-қайратын, ерік-жігерін шыңдай алады.

Келе жатқан 2017 жылы махаббатта өз ұстанымыңыздан танбаңыз және жұмсақтық танытыңыз. Бір-біріңізге сезімдеріңізді дәлелдеу үшін талай сынақтан өтуге тура келеді. Ол арадағы түсініспеушілік, өзгеге көз салумен байланысты болуы мүмкін. Сыннан сүрінбей өтсеңіздер, бір-біріңізді бұрынғыдан артық бағалай бастайтындарыңыз анық.

**Stan.kz сайтынан алынды**

# ҚҰТТЫҚТАУ

**Жаңа жыл мерекесі - әлемдегі қуанышқа толы ғажайып мерекелердің бірі. Бәріміз Жаңа жылдан жаңа бақыт күтеміз. Жаңа жыл, оның тарихы туралы барлығыңыз жақсы білесіздер. Сондықтан біз бүгін Жаңа жыл мерекесі қарсаңында әріптестердің тілектерін ұсынып отырмыз....**

## Жаңа жылға тілек



**Мұхтар МИРОВ, тәрбие жұмысы және әлеуметтік экономикалық мәселелер жөніндегі проректор**

Қазақ ежелден әрбір жаңа күннен жақсылық күткен, асылдай армандарын айтқан. Жаңа жыл қазақтың төл мерекесі болмаса да, бұл біз үшін жаңа күннің ғана емес, 12 айдың есігін айқара ашатын уақыты. Әрбір адамның өзіне-өзі есеп беретін кезі. Халқымыздың «Ескі жыл есірке, жаңа жыл жарылқа» деуі сондықтан. Өткен жыл еңселі оқу ордамыз үшін берекелі жыл болды. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деген сөз бар, бұған барлықтарыңыздың үлес-салмақтарыңыз ерекше, сол үшін Сіздерге зор алғысымды білдіремін.

Сіздерге Жаңа жыл қарсаңында ғылымдағы еңбектеріңізге жеміс, шығармашылық жолда шалқар шабыт пен толағай табыс тілеймін. Келер жылы оқу ордамыз бұдан да биік белестерді бағындыра берсін! Жаңа жыл құтты болсын!



**Клара ТӨРЕБАЕВА, оқу және оқу әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор**

Жаңа жыл еткен жылдың қорытындысын жасап, атқарылған істі саралайтын кезең екендігі белгілі. Халқымызда "Өткен жылға өкпе жоқ, келер жылдан үміт көп" - деген даналық сөз бар... Біз қашанда өткенге салауат айтып, болашақтан жақсылық күткен халықпыз. 2016 жыл біз үшін берекелі де, жемісті болды.

Адам баласы жаңа жылдан көп жақсылық күтеді, жаңа жылға көп үміт артады. Армандарыңыз бен тілектеріңізге қосылып, Сіздерге алдағы жылда денсаулығыңыз мықты, бақытыңыз үстем болып, күш-қуатыңыз таусылмасын, қанатыңыз талмасын деп тілеймін. Тауық жылы бірлік пен татулықтың жылы болсын!

Құрметті әріптестер, Жаңа Жыл құтты болсын! Өткенге риза болып, жаңа Жылға бәріміз таза ниетпен, нық қадаммен аттайық. Келер жыл толағай табыстар әкеліп, халқымыз игілікке, мемлекетіміз молшылыққа, әр шаңырақ берекеге, бақыт пен шаттыққа кенеле берсін!



**Алтыншаш БЕКБАУОВА, ғылыми-инновациялық жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор**

Мен университеттің барша ұжымын Жаңа жылмен құттықтаймын. Аспандарымыз ашық, денсаулық-тарымыз мықты болсын! Ортақ шаңырағымыз-дың жарқын келешегі үшін еңбектеніп жүрген әріптестеріме бейбіт өмір, тыныштық, мол жақсылық тілеймін!

Жаңа жылдарыңызбен, әріптестер! Дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық тілеймін. Әрбір игі істер мен жаңа бастамаларыңызға сәттілік серік болып, отбасыңызға баянды бақыт пен бақ-береке келсін!





**Ғайнижамал ҚАНАТБАЕВА, қаржы-экономикалық және шаруашылық департаментінің бастығы**

Жаңа жыл – жаңа 2017 жылдың бастауы. Жыл басы құтты болсын! Басымызға бақыт, үйімізге арай, шаңырақтан шуақ, керегедей кеңдік, табалдырықтай беріктік, таусылмас бақ-береке әкелген жыл болсын!

Бейбіт күндермен келген әр күніміз – бақыт. Сол «бақыт» жаңа жылда еселене түссін! Отбасы отанымыз, қазақ деген іргеміз мықты болсын!



**Гүлнұр ЗАРЛЫҚОВА, кәсіподақ төрайымы**

Жаңа жыл баршаңызға бақытты болашаққа үміт, жаңа мүмкіндіктерге сенім ұялатып, жемісті бастамаларға, жарқын келешекке бастайды. Осы жаңа жыл күткеніміздi ақтап, барлығымызға бейбітшілік, амандық және өркендік әкелсін. Жаңа жыл құтты болып, жаңа үміттер мен жаңа жоспарларға толы жыл болсын! Жаңа 2017 жылымыз жаңа нұр ала келсін, жаңа жылымыз мерекелі, берекелі болып, мерейіңіз үстем, беделіңіз биік, абыройыңыз асқақ болуына тілектеспін!

Жаңа жыл Сіздер үшін зор жетістіктерге қол жететін, ой-мақсаттар жүзеге асатын, арман-үміттер ақталатын жыл болсын. Сіздерге жаңа жетістіктер мен кәсіби табыстар тілеймін!



**Егізбай САҚПАНОВ, E-Learning электронды оқыту орталығының директоры**

Құрметті достар! Сіздерді Жаңа 2017 жылмен шын жүректен құттықтаймын! Жаңа 2017 жылда жағымды жаңалықтар мен тілегей табыс мол болсын! Әрбір игі істер мен жаңа бастамаларыңызға сәттілік серік болып, отбасыңызға баянды бақыт пен бақ-береке келсін!

Келер жыл мерекелі, берекелі болып, мерейіңіз үстем, беделіңіз биік, абыройыңыз асқақ болуына тілектеспін! Бұл жыл - жақсы өзгерістерге, қуанышты кездесулерге, бақытты оқиғаларға толы болсын! Әр отбасы үшін ырыс пен береке жылы болсын!

Жаңа жыл тың шығармашылық ойлар мен биік кәсіби жетістіктер жылы болсын!



**Бибігүл ӘБЕНОВА, стратегиялық даму және білім сапасын бағалау басқармасының бастығы**

Құрметті университет ұжымы!

Жаңа жыл! Жаңа күн! Жаңа өмір! Бұл күн болмысты бояудың барлығын үміттен айналаға нұр болып шашылып, әр шаңыраққа шуақ болып тарайды. Қай-қайсымыз болсақ та осы мерекелік кештен келесі Жаңа жылға дейін жүрегімізге есте қалатындай бір сезімді себелейміз, ол сезім бізді келесі жылға дейін үмітпен жетелеп отырады...

Ескі жылдың қайғы-мұңын, өкпе-наздың барлығын артқа тастап, кіріп келе жатқан Жаңа жылды көтеріңкі көңіл-күймен, таза, тың ойлармен қарсы алу керек. Әрбір кірген жаңа жылдың өзінің дайындап отырған қуанышы, бақыты, сыйы болады. Әріптестер, біз де өкпе-назымызды, өкініш-мұңымызды, қиындық сезінген сәттерімізді бір сәт естен шығарып, ескі жылға қалдырып, жаңа жыл табалдырығын мейіріммен аттайық, бізді алда тек қана қуаныш пен бақыт күтіп тұр деп сенейік...

Жылыстаған жылдармен жылжып есен-сау жүре берейік.



**Садық БЕКБОЛАТОВ, Студенттер сарайының директоры**

Құрметті оқытушы-профессорлар құрамы, сала қызметкерлері, студент-жастар! Табалдырығымызда тұрған жаңа 2017 жыл барлықтарыңыздың шаңырақтарыңызға шаттық, қуаныш пен бақыт ала келсін! Сіздерді келе жатқан Жаңа 2017 жылмен кіршіксіз көңіл, ыстық ықыласпен құттықтаймын.

Жаңа жылда әрбір шаңыраққа құт, береке, ырыс және қызметтеріңізге өрлеу тілеймін! Тауық жылының қуанышқа толы көңілді сәттері жыл бойына әрбір шаңырақта сақталсын! Ескі жыл есіркеп, Жаңа жыл жарылқасын!



**Гүлнар УНАЛБАЕВА, ғылыми кітапхана директоры**

Құрметті университет ұжымы! Сіздерді келе жатқан 2017 жаңа жыл мерекесімен кітапхана ұжымы атынан құттықтаймын! Жаңа жылдың жаңа белестері барлықтарыңызға қуаныш сыйлап, үлкен жетістіктерге жеткізсін. Білім беру саласындағы істеріңіз өнімді, алға қойған мақсаттарыңыз орындала берсін! Әрбір игі істер мен бастамаларыңызға сәттілік тілеймін!

Келер жаңа жыл отбасыңызға қуаныш, тыныштық және мол табыс пен жақсылықтар ала келсін!



**Ақторғын АГИСБАЕВА, халықаралық бөлімінің бастығы**

Құрметті профессор-оқытушылар, әріптестер, студенттер! Жаңа жыл – қашанда әр адамның жүрегіне жаңа үміттер мен армандар ұялататын, керемет қиялдарға қол жеткізетін ерекше мерекеміз.

Осы тұрғыда жаңа жыл ұшқыр арман-қиялдарыңыз бен ақтілек-ниеттеріңіз орындалатын жарқын да көңілді, табысты әрі мақсатты жыл болуын тілеймін!

Сізді Жаңа 2017 жылыңызбен шын жүректен құттықтаймын. Баршамыз жаңа жылмен бірге ізгі жаңалықтардың келуін күтеміз. Келер жаңа жыл Сіздің барлық істеріңіз бен бастамаларыңызға ақ жол ашып, мол табыстар ала келсін, жетістіктерге толы болсын. Сізге зор денсаулық, қуаныш пен шаттыққа толы ұзақ ғұмыр, отбасыңызға бақ-береке, ашық аспан, шуақты күндер және біздің университетіміздің гүлденуін тілеймін!



**Айгүл ҚОЖБАН, студенттермен және жастар ұйымдарымен жұмыс бөлімінің басшысы**

Құрметті Кенжебаев Кенжеғали Кенжебайұлы және университет ұжымы!

Сіздерді, Жаңа жылдарыңызбен шын жүректен құттықтаймын! Жаңа жыл зор жетістіктерге қол жететін, ой-мақсаттар жүзеге асатын, арман-үміттер ақталатын жыл болсын! Бауырымыз бүтін, жақындарымыз аман жүрсін! 2017 жыл бірлік пен татулықтың, ырыс пен ынтымақтың, береке мен байлықтың, бейбітшілік пен бақыттың жылы болғай! Аялы арманымыз орындалып, жүректер жылудан айрылмасын! Еліміз тыныш, жұртымыз аман болсын, ауызбіршілігіміз берік болып, университетіміз көркейе берсін! Өткенге риза болып, жаңа жылға бәріміз таза ниетпен, нық қадаммен аттайық. Жарқын болашаққа деген сеніміміз нық болсын!

Жаңа жылда жүздеріңізге қарасам, мезгілдің қыс екенін ұмытып, қып-қызыл қызғалдағы жайқалған көктемнің сұлулығын, жаздың жылулығын көремін. Ендеше барлықтарыңыз лайым осылай құлпырып жүре беріңіздер.

Жаңа жыл әрқайсысыңызға бақыт пен шаттық сыйласын!

Жылыстаған жылдармен жылжып есен-сау жүре берейік. Көңілге қуаныш, жүрекке шаттық сыйлаған Жаңа жыл құтты болсын!

**Бетті дайындаған:**
**Сандуғаш БАЙҒҰЛҚЫЗЫ**


**Қазақстан Республикасының Мәдениет және Ақпарат Министрлігі Ақпарат және Мұрағат комитеті Мерзімді баспасөз басылымдарын және ақпарат агенттіктерін есепке алу туралы 2014 жылғы 12 ақпанда тіркеліп №14155-Г куәлігі берілген**

Бас редактор Кужахметова Д.Т.
Тілші Арен Ж.С.
Корреспондент Дүйсенбаева С.Б.
Маман Жалгасбаева М.Ж.
Корректоры Адилханова С.Ж.

**Меншік иесі: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті**

**Газет ЖШС «Хабар Сервис» баспаханасында (Ақтөбе қаласы, Смағұлов көшесі, 9 «К» басылады. Тел.: 8(7132)545-545, 400-400.**

**Тапсырыс №171 Таралымы 3000**

**Біздің мекен-жайымыз: 030000, Ақтөбе қаласы, Ә. Молдағұлова көшесі 34 үй. 2-қабат, 200 [б] бөлме. Көлемі 2 баспа табақ. Газет айына 2 рет шығады.**

**Газет редакциясына келіп түскен қолжазбалар мен фотосуреттер қайтарылмайды.**